

«Бекітемін»

«Білім шыңы» инновациялық
кәсіби даму орталығы

Директор Б. Есен

24 қараша 2025 ж.



**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ 2-11 СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА
«АЛАШ ОҚУЛАРЫ»
ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Осы Ереже Жалпы білім беретін мектептің 2-11 сынып оқушылары арасындағы «Алаш оқулары» олимпиадасының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастырушылық қызметінің қамсыздандырылуын, өткізу мен қаржыландыру тәртібін, қатысуын және жеңімпаздарды анықтауды және марапаттауды айқындайды.

ӨТУ УАҚЫТЫ: 1-10 желтоқсан, 2025 жыл

1.2. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабы 29-1 тармақшасына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы негізінде Білім басқармасының 14.06.2024 жылғы №220 бұйрығымен Түркістан облысы бойынша облыстық және Шымкент қаласының №449 Бұйрығы бойынша олимпиадалардың, ғылыми жобалардың (ғылыми жарыстардың) кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың бекітілген тізбесіне енген.

1.3. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасының ұйымдастырушылары «Білім шыңы» инновациялық кәсіби даму орталығы, Түркістан облысы Білім беруді дамыту орталығы, Шымкент қаласы Әдістемелік орталығы болып табылады.

1.4. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасының мақсаты оқушылары арасында Алаш зиялыларының шығармаларын, тұлғалық қасиеттерін, рухани құндылықтарын насихаттай отырып, оқушылардың қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылығын арттыру, оқу құзіреттілігін дамыту.

1.5. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы міндеттері:

- Оқушылардың алаш зиялыларына деген құрметін арттыру, отаншылдық құндылықтарын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге үйрету.
- Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тума талант, табиғи дарындарын анықтау.
- Жас буынның тарихи танымдарын кеңейту, ұлылар еңбегіне, ұлттың рухани мұрасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

2. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

2.1. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасының қатысушылары білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлерінің 2-11 (12) қазақ сынып оқушылары болып табылады

2.2. Қатысушы Ережеде көрсетілген байқауды өткізу тәртібі және қағидаларымен Келіседі.

Бекітілген Ерженің толық нұсқасымен <https://bilim-shini.kz/kz> сайтында танысуы керек.

2.3. Ережедегі талаптарға келіскен жағдайда ғана қатысуға болады.

3. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы 1-10 желтоқсан аралығында <https://bilim-shini.kz/kz> сайтында 1 кезеңмен онлайн форматта өтеді.

3.2. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы өткізу барысын қадағалауды, адалдық қағидаларын бақылау жұмыстарының дайындығын іске асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.3. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы:

Алаш зиялыларының өмірдеректері мен шығармашылығы бойынша өтеді.

3.4. Қатысушыға 20 тапсырма беріледі

3.5. Тапсырманы орындау уақыты - 30 минут.

3.6. Уақыт біткеннен кейін автоматты түрде тестілеу тоқтатылады. Сұрақтар артқа қайтпайды.

1.6. «АЛАШ ОҚУЛАРЫ» олимпиадасы 2025-2026 жылдың «Атаулы күндер» тізбесіне сүйеніп:

Мұстафа Шоқай - 135 жыл, Міржақып Дулат - 140 жыл (2026 ж.), Әлихан Бөкейхан - 160 жыл, Әлімхан Ермеков -135 жыл толуына орай алаш азаматтарын таныту, жастарға оқыту мақсатында 2-11 сынып оқушыларының арнап тапсырмалар дайындайды.

4. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ

4.1. <http://bilim-shini.kz/kz> сайтына кіру. (1-10 желтоқсан тәулік бойы жұмыс жасайды).

4.2. ҚАТЫСАМЫН батырмасын басу

Қатысу ерікті. Жарнасы – 600 тг. (алты жүз теңге)

4.3. Экранда шыққан QR-код арқылы 600 теңге төлеңіз. Kaspi-де QR ашылған кезде жоғарыдағы «Шымкент, Білім шыңы» деген мәліметті өзгертпеңіз.

4.4. Төлем жасаған соң, сайттан 1 сағатқа шыға тұрыңыз. Анкета толтырмаңыз.

(Осы уақыт ішінде қатысуға рұқсат ашылады.)

4.5. Бір-екі сағаттан кейін сайтқа қайта кіріп, анкетаны мұқият, қатесіз толтырыңыз.

4.6. Тапсырмаларды орындаңыз.

4.7. Жұмысты аяқтағаннан кейін, диплом немесе сертификатты бірден жүктеп алуға болады.

5. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ.

Балл саны	Орын	Марапат түрі	
		Оқушыға	Жетекші мұғалімге
20	Бас жүлде	Жеңімпаз Дипломы	Алғыс хат
17-19	1	I Дәрежелі Диплом.	Алғыс хат
15-16	2	II Дәрежелі Диплом.	Алғыс хат
10–14	3	III Дәрежелі Диплом.	Алғыс хат
0–9 б	Орын жоқ	Сертификат	Сертификат

6. АПЕЛЛЯЦИЯ

6. 1. Егер қатысушы тараптан келіспеушілік орын алған жағдайда bilimshini.kz@gmail.com электронды почтасына байқау аяқталған күні кешкі 19.00-де апелляциялық шағым түсіре алады. Апелляциялық шағым 2 күн қаралады.

7. ҚОСЫМША СҰРАҚТАР ҮШІН

<https://wa.me/77013129906>

<https://wa.me/77754243727> осы ватсап номерлердің тек біріне ғана жазу қажет!

ЕСКЕРТУ:

1. Қатысушылардан кері байланысты сабырмен күтуін, 24 сағат ішінде кері байланыс болатынын ескертеміз.
2. Олимпиадаға қатысу осы Ережені толық қабылдауды білдіреді. Ережені бұзған жағдайда қатысушының нәтижесі жарамсыз деп танылуы мүмкін.
3. **Егер де мәселелер туындап жатса:**
bilimshini.kz@gmail.com сайтындағы БАСҚЫ БЕТТЕГІ батырмалар көмегіне жүгіне аласыз.